

2019 жылғы 22 қараша №12-1/327 БҰЙРЫҒЫ

Тендерлік комиссияның 2019 жылғы 30 қазандағы шешімін жарамсыз деп тану туралы (№363680-ДТ1 екі кезеңді тендердің қорытындылары туралы хаттама)

"Химиотаргентті дәрілік заттар мен цитостатиктерді орталық көбейтудің автоматтандырылған құрылғысы" № 4442507-ДТ2 лоты бойынша сатып алу веб-порталы арқылы 2019 жылға сервистік қызмет көрсетуді талап ететін медициналық бұйымдарды сатып алу бойынша (1 лот) № 363680-1 екі кезеңді тендер шеңберінде әлеуетті жеткізуші "QAZNA LIMITED" ЖШС сервистік қызмет көрсетуді талап ететін, ұсынылған медициналық бұйымға техникалық ерекшелік туралы жалған ақпарат беруіне байланысты, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қазандағы № 1729 қаулысымен бекітілген Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды, фармацевтикалық қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларының 542 тармағын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "MediMix plus MF 4060 стерильді шарттарда жабық жүйеде инфузиялық ерітінділерді дозалау және араластыруға арналған аппарат" сауда атауымен (өндіруші "Импромедиформ ГмбХ", Германия) сервистік қызмет көрсетуді талап ететін медициналық бұйымды жеткізуге арналған № 4442507-ДТ2 лот бойынша "QAZNA LIMITED" ЖШС-сін сатып алудың жеңімпазы деп тану туралы тендерлік комиссияның 2019 жылғы 30 қазандағы шешімі (№363680-ДТ1 екі кезеңді тендердің қорытындылары туралы хаттама) жарамсыз деп танылсын.

2. Тендерлік комиссияның хатшысы осы бұйрықтың көшірмесін мүдделі әлеуетті жеткізушілердің назарына сатып алу веб-порталында орналастырсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Негіздеме: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Инвестициялық саясат департаментінің 2019 жылғы 31 қазандағы № 15-03-9/25809 хаты, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Ішкі аудит департаментінің 2019 жылғы 21 қарашадағы № 07-02-14/129-вн/и қызметтік жазбасы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Ішкі аудит департаментінің 2019 жылғы 22 қарашадағы № 07-02-13/6668-и хаты.

Басқарма төрағасының м. а.

А. Джолдасбекова